

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 19 (870) 29 сәуір 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXII СЪЕЗІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев съезд делегаттарына мемлекет пен қоғамды түбегейлі жаңарту үдерісі басталғанын айтты. Президенттің пікірінше, «Amanat» осы жүйелі өзгерістерге белсене атсалысып келеді. Сонымен қатар партияның қолға алынған реформаларға жан-жақты қолдау көрсетіп, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыруға қосып жатқан үлесіне тоқталды.



қалау. Өткен аптада Конституциялық кеңеске түзетулер жобасы жолданды. Оның қабылдануы мемлекеттік институттарды құрудың және қызметінің мүлде жаңа үлгісін – Жаңа Қазақстанды құруға мүмкіндік береді. Азаматтар тарапынан: «Жаңа Қазақстан дегеніміз не?», - деген сауал жиі қойылып жүр. Менің ойымша, бұл сұраққа қысқа да нұсқа жауап беруге болады. Жаңа Қазақстан дегеніміз – шын мәнінде Әділетті Қазақстан. Азаматтарға әлеуметтік әділдік жетіспейтінін мойындайықшы. Қарапайым халықтың мүддесі үнемі елене бермейді, кейде, тіпті әділетсіздік мемлекеттік аппарат өкілдері тарапынан да жасалып жатады. Азаматтардың мемлекеттік мекемелерге сенімсіздігі осыдан туындайды. Сондықтан «Amanat» партиясының алдында осы олқылықтардың орнын толтыру міндеті тұр. Азаматтық қоғам мен билік арасындағы дәнекер болу үшін сіздер халық өкілдерімен етене жұмыс істеулеріңіз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар елдің бүкіл саяси архитектурасын кешенді түрде қайта қарауға, билік тармақтары арасындағы тежеу мен тепе-теңдіктің неғұрлым теңгерімді жүйесін құруға бағытталғанын айтты. Президенттің пікірінше, біз суперпрезиденттік басқару түрінен түбегейлі бас тартамыз, Парламент пен мәслихаттардың өкілеттігін күшейтеміз. Партиялық-саяси жүйені жаңғырту – басым бағыттың бірі.

Мемлекет басшысы партиялар мен сайлау туралы заңнамаларды либерализациялау қоғамның рөлін күшейтеді. Бұл – биліктің барлық деңгейінде қабылданатын шешімдеріне қатысты. Президенттің пайымынша, азаматтардың дауысы үшін бәсеке күшейіп, саяси үдерістердің қарқыны мен мазмұны өзгереді.

Жалпы алғанда, партиялық алаңда сең қозғалғанын көріп отырмыз. «Adal» партиясының «Amanat» партиясымен бірігу жөніндегі бастамасы – басталған өзгерістердің жарқын көрінісі. «Adal» партиясының жетекшілері мен мүшелеріне осы маңызды шешімдері үшін ризашылығымызды білдіреміз. Жаңа Қазақстанды құрамыз десек, елге жанашыр қоғамдық-саяси күштердің бәрі жұмылуы керек. Бұл ретте, партиялардың өзара тіл табысып, саяси жүйені дамытуы аса маңызды. Сондықтан, «Adal» партиясының бастамасын қолдап, онымен біріккен жөн деп санаймын. «Adal» – өз жақтастары бар, қалыптасқан партия. Саяси бәсеке артып

келе жатқан қазіргі кезеңде мұның айрықша мәні зор, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында Мемлекет басшысы жауапты әрі аса маңызды кезеңге қадам басқанымызға тоқталды. Президенттің айтуынша, конституциялық реформа – Тәуелсіздік тарихындағы жаңа белес. Мұның бәрі уақыт талабынан және қоғам сұранысынан туындап отыр.

– Мен бұған дейін партия төрағасы лауазымынан босап, ұйым қатарынан шығатынымды айттым. Осы ұйғарымды жүзеге асыратын кез келді. Бүгіннен бастап «Amanat» партиясының төрағасы ретінде өкілеттігімді тоқтатып, партиядан шығу туралы шешім қабылдадым. Бұл қадамның символдық мәні бар. Осы орайда, Президент сайлауында маған сенім артып, қолдағандарыңыз үшін баршаңызға алғысымды айтамын. Сондай-ақ, жауапты сәтте партия тізгінін сеніп тапсырғандарыңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Біз бірлесіп, көп жұмыс атқардық. Дегенмен, уақыт бір орында тұрмайды. Қазір талай нәрсе өзгеруде. Алдымызда ауқымды міндеттер бар. Бүгінде еліміздегі барлық саланы түбегейлі монополиядан арылту аса маңызды. Осы үдерістен саяси жүйе де сырт қалмауы керек. Мемлекет басшысы ешбір партияға басымдық бермегені жөн, яғни саяси тұрғыдан бейтарап болуы қажет. Бұл – менің айқын ұстанымым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, мұндай қағида сайлауға қатысты барлық күштерге тең мүмкіндік туғызады. Саяси жүйеде әділдіктің орнауына жол ашады. Партия атқарушы билікке тәуелді болмаса, оған халықтың сенімі нығайып, беделі артады.

– Қазір ұйым Мәжілісте және мәслихаттарда едәуір басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан Үкімет пен әкімдіктердің жұмысына қатаң бақылау жасай алады. Президент партия қатарынан шыққанымен, ұйымның стратегиялық бағдары өзгермейді деп ойлаймын. «Amanat» еліміздің саяси өмірінде ерекше орны бар ұйым ретінде қала беретіні анық. Саясаттағы сабақтастық сақталып, партия ел игілігі үшін жасап жатқан жұмыстарын жалғастыра береді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев партияның төрағасы лауазымына Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановты ұсынып, оған ұйымдастыру қабілеті жоғары, тәжірибелі әрі білікті азамат деп баға берді. Съезд делегаттары Президенттің ұсынысын қолдап, Ерлан Қошановтың кандидатурасына бірауыздан дауыс берді.

Мемлекет басшысы бүгінгі өзгерістер «Amanat» партиясының заман талабына сай жаңара түсуіне жол ашатынына сенім білдірді.

<https://akorda.kz>
2022 жылғы 26 сәуір

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесімен құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Біздің тәуелсіз мемлекетіміз үшін халқымыздың бірлігі, бейбітшілік пен келісім барлық жетістіктеріміз бен жеңістеріміздің қайнар көзі болып саналады. Солтүстік Қазақстан облысы – бұл тарихта көптеген қаһармандық ерліктері мен еңбек жетістіктері, спорттық және шығармашылық жеңістері бар өлкелердің санатында. Өңірімізде өздерінің дәстүрін, мәдениетін, тарихын сақтаған бір жүзден астам этностың өкілдері бейбіт ғұмыр кешіп жатыр, олар ұлтаралық келісімді көздің қарашығындай сақтайды, көрші аймақтардың тұрғындарымен достық байланысты қолдайды.

Бүгінгі Жаңа Қазақстанда ұлттық келісім мен қоғамның бірлігі еліміздің тұрақты және серпінді дамуы, оның азаматтарының тыныштықта және бейбітшілікте өмір сүруі үшін қажетті шарт болып табылады. Біз қандай да болмасын қиындықты тек бейбітшілікте және келісім арқылы жеңе алатынымызға сенімдіміз, біздің Қазақстан одан да күшті және гүлденген мемлекетке айналады.

Қазақстан халқының бірлігі күні бәріміздің ортақ Отанымыз және оның болашағы – біздің әрқайсымызға байланысты екендігін пайымдауға мүмкіндік береді.

Барлық тұрғындарға мықты денсаулық, бақыт пен туған жердің игілігі жолында игілікті істер атқаруын тілеймін. Әр отбасында әрдайым береке, өзара түсіністік пен келісім орнасын!

Құмар АҚСАҚАЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.



ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС - ҚОҒАМДЫҚ ПАЙДАЛЫ ЕҢБЕК

Қоғамдық жұмыстар - бұл кез-келген жазаның басты мақсатын құқық бұзушыны қоғамға пайдалы және бюджет қаражатын үнемдеуге ықпал ететін қоғамдық пайдалы еңбекпен түзетуге мүмкіндік беретін құқықтық институт.

2022 жылдың басынан СҚО бойынша ҚАЖД Тайынша ауданының пробаця қызметі бөліміне аудандық сотпен сотталған 1 адам есепке қойылды. «Д» азаматы ҚР ҚК 296-бабы 2-бөлігі бойынша 100 сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жаза тағайындалды.

Осылайша, сот үкіміне сәйкес, сотталған адам Тайынша ауданының Чкалово ауылындағы жергілікті атқарушы органдар анықтаған орындарға күн сайын (күніне 4 сағаттан артық емес) қоғамдық жұмыстарды өтеуге шығады, сотталғандар Чкалово ауылындағы Акиматқа жіберіледі. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша орналасқан қоғамдық орындарда Жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады. Сотталған: 1) осы Кодексте белгіленген жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын сақтауға міндетті; 2) Жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастыратын жұмыстарды орындауға міндетті;

3) пробаця қызметіне тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарлауға міндетті; 4) айына бір рет пробаця қызметіне тіркелу және профилактикалық әңгімелесуге қатысу үшін келуге міндетті.

Бүгінгі таңда ол қоғамдық жұмыстарды атқарып, есептен шығарылды. Сотталғандар өз кінәсін түсініп, түзету жолына нық тұрды.

Ақмарал АХМЕДЬЯРОВА,
СҚО бойынша ҚАЖД Тайынша ауданының
ПҚБ инспекторы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Кызылту» ЖШС 14.12.2006 ж. 2223 келісімшарт бойынша Солтүстік Қазақстан облысының алаңында алтынды барлау жоспарының ықтимал әсері туралы есеп жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Тыңдаулардың өтетін мерзімі: 03. 06. 2022ж. сағат 11:00 келесі мекен-жайда: Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 197 Тайынша ауданы әкімдігінің ғимараты.

Карантин болған жағдайда тыңдаулар бейнеконференция форматында ZOOM платформасында өтеді: <https://us06web.zoom.us/j/89422909565?pwd=bFVCR3RlMzVZUExSbVl2Q2h0Q3V6dz09>

Конференция идентификаторы: 894 2290 9565 Кіру коды: 227042

Қосымша ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: 87713005832, 87768306138

Жоба бойынша құжаттама ЕЭП <https://ecportal.kz/> порталында және «Солтүстік қазақстан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында.

Жұртшылық өзінің ескертулері мен ұсыныстарын электрондық нысанда мына мекенжайға жібере алады: e.aitzhanov@sko.gov.kz, қағаз түрінде: 150008, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57В, Тел. +7 7152 53-36-37.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Кызылту» уведомляет о проведении общественных слушаний по проекту Отчет о возможных воздействиях Плана разведки золота на площади Северо-Казахстанской области по Контракту 2223 от 14.12.2006 г.

Слушания состоятся: 03.06. 2022 г. в 11:00 по адресу: г. Тайынша, ул Конституции Казахстана, 197, здание акимата Тайыншинского района.

В случае карантина слушания пройдут в формате видеоконференции ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/89422909565?pwd=bFVCR3RlMzVZUExSbVl2Q2h0Q3V6dz09>

Идентификатор конференции: 894 2290 9565 Код доступа: 227042

Доп. информация по тел: 87713005832, 87768306138

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecportal.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области».

Общественность может направить свои замечания и предложения в электронной форме по адресу: e.aitzhanov@sko.gov.kz, в бумажной форме: 150008, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, ул. Парковая, 57В, тел. +7 7152 53-36-37.

Бос әкімшілік лауазымға орналасуға КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙМЫЗ

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ, 151000, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша қаласы Центральный түйық көшесі 2, анықтама үшін телефон: 8 (71536) 21745, электрондық мекен-жайы: 1ovr1@mail.ru бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялады: «Солтүстік қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры. Азаматтық қызметшінің А-3 санаты. Лауазымдық жалақы еңбек сіңірген жылдарына байланысты 90785 теңгеден 110075 теңгеге дейін.

Негізгі функционалдық міндеттері:

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастыру және оған басшылық жасау, басқару органына тікелей бағыну және коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауапты болу. Мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіру. Келісім-шарттар жасасу. Сенімхат беру. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен жоспарларын бекіту. Банк шоттарын ашу. Барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығару және нұсқаулар беру. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолдану және тәртіптік жаза қолдану. Өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шеңберін айқындау. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауы үшін дербес жауапты болуы. Жеке және заңды тұлғалардың азаматтарын қабылдауды жүргізу, электрондық құжат айналымы (Интегро) жүйесінде жұмыс істеу дағдыларын меңгеру. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғылық мақсаттарын іске асыру үшін оның қызметін жүзеге асыру жөніндегі жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және жарғымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары білімінің болуы: «гуманитарлық ғылымдар», немесе «техникалық ғылымдар және технологиялар», немесе «білім», немесе «құқық», немесе «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес».

Мамандығы бойынша экономика саласы кәсіпорнының бейініне сәйкес басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Мынадай құзыреттердің бар болуы: стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;

Конкурс мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттаудан өткізу, сондай-ақ оның кандидатурасын 2015 жылғы 4 наурыздағы № 10379 келісу Қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін келесі тұлғалар қабылданбайды:

- 1) он сегіз жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам судья бола алмайды;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің міндетін атқарушының бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнынан басшылықтан ұсынымдар және т.б.) ұсына алады. Құжаттардың толық емес пакетін немесе дәйексіз мәліметтерді ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Конкурсқа қатысуға үміткер адамдар үшін құжаттарды қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн өткен соң аяқталады.

Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген барлық құжаттар болған, сондай-ақ адам осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген кезде Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде құжаттарды берген адамды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі бекітілгеннен кейін Комиссия конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттарды зерделейді және 10 күнтізбелік күн ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ өтеді.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар конкурс комиссиясының немесе персоналды басқару қызметінің шешіміне үкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не сот тәртібінде шағымдана алады.

2022 жылғы мамырда

аудандық мәслихаттың хатшысымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы	4 мамыр
2	Бауыржан Маратұлы Мергасимов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	3 мамыр
3	Виктор Иванович Рудницкий — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС-нің директоры	6 мамыр
4	Гүлнұр Өмірбайқызы Батаева — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданының білім бөлімінің әдіскері	11 мамыр
5	Жақыпов Данияр Келденбекұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	13 мамыр
6	Николай Николаевич Трифонов — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	16 мамыр
7	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	18 мамыр
8	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы	20 мамыр
9	Егінбаев Руслан Елшібайұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	23 мамыр
10	Александр Владимирович Кершич — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	26 мамыр
11	Батес Латиф — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның бас дәрігерінің орынбасары	27 мамыр
12	Айгүл Ботақызы Мұхаметғалиева — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	30 мамыр
13	Диана Еслямбекқызы Ысқақова — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	31 мамыр

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 3 «А», «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалы — 22047.

ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН АЛУ

Аз ғана табысы бар және оның едәуір бөлігін коммуналдық төлемдерге жұмсаған отбасылар, Қазақстан азаматтары мемлекет тарапынан тұрғын үй көмегін алуға құқылы. Тұрғын үй көмегі дегеніміз - аз қамтылған отбасыларға жеке тұрғын үйді немесе оның мемлекеттік тұрғын үй қорынан алынған немесе жергілікті атқарушы орган жалдаған оның бір бөлігін ұстауға кеткен шығындар арасындағы айырмашылықты өтеу үшін берілетін төлем, және Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында белгіленген тәртіппен жергілікті өкілді органдар белгілеген, аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) осы мақсаттарға арналған шығыстарының шекті деңгейі.

Тұрғын үй көмегі «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі мен мөлшері негізінде ұсынылады (бұдан әрі - тәртібі), тұрақты тіркелген және тұрғын үйінде тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) Қазақстан Республикасының аумағында жалғыз тұрғын үй ретінде, сондай-ақ тұрғын үйді жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға) мемлекет тарапынан берілуі мүмкін тұрғын үй қоры және жеке тұрғын үй қорында жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйлер.

• кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондо-

миниум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған шығыстар;

• телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемді арттыру тұрғысынан коммуналдық және байланыс қызметтерін тұтыну;

• мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді және жеке тұрғын үй қорында жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдалануға арналған шығыстар. Тәртіптің 2-тармағына сәйкес отбасылық шығыстардың шекті рұқсат етілген деңгейі тоқсандағы отбасының орташа айлық жиынтық кірісінің 10 пайызы мөлшерінде белгіленген.

Отбасының барлық мүшелерінің табыстары тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға есептеледі.

Тұрғын үй көмегі шығындар сметасына сәйкес кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау үшін, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы төлемдер үшін жеткізушілер ұсынған шот-фактуралар негізінде көрсетіледі.

Тұрғын үй көмегін төлеу алушылар екінші деңгейлі банктерде ашқан шоттарға жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайды. Барлық туындаған сұрақтар бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады: 8 715 36 41072, 8 715 36 79047.

2022 ЖЫЛ - БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басындағы елге арнаған Жаңа жылдық құттықтауында ел игілігіне қызмет етіп жүрген әрбір азаматқа шынайы ризашылығын білдіріп, Қазақстанның жарқын болашағы ел тағдырына бей-жай қарамайтын, нағыз отаншыл, ниеттес, мүдделес азаматтардың қолында екенін жеткізді. Сонымен қатар жастарға үміт артатынын, өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасаудың қажеттілігін атады. Сөйтіп, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады.

– Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті келесі жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін. Бұл жылды тек ұрандатып немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында балаларды қорғау мақсатында нақты іс-шаралар жасалуы керек. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз, – деп Президент айтқандай елімізде өскелең ұрпаққа жағдайлар жасалуда. Соның ішінде спортпен айналысамын деген жас жеткіншектерге барлық жағдайлар жасалған. Осының бір дәлелі Тайынша ауданы бойынша спортпен айналысатын жас жеткіншектердің жағдайы жаман емес. Осы бағытта Сәуірдің 22 жұлдызы аудан әкімі Р.Ә.Аңбаевтың қатысуымен «Балалар – өмірдің гүлі» атты дөңгелек стол отырысы өтті. Ауданда 5877 оқушы білім алса, соның ішінде 2805 оқушы

мектепте спорттық секцияларға қатысады, түрлі спорт ойындарын толық меңгерген. Оқушылардың бірқатары республикалық және облыстық турнирлердің жеңімпаздары. Кездесу аудандық білім бөлімінің мәжіліс залында өтті. Жеңімпаздарды жоғары жетістіктерімен құттықтаған аудан басшысы соңғы уақытта спорт саласына мықтап көңіл бөлініп отырғанын тілге тиек етті. Сонымен қатар, өңір басшысы Президенттің тапсырмасымен спорт саласын дамыту мен қолдау мақсатында ауданда атқарылған іс-шараларға тоқталып, ақпарат берді. Ауданның намысын қорғап жеңімпаз атанған жас спортшыларға алғыс айтып, алдағы күндеріне сәттілік тіледі. Жиын барысында аудандық білім бөлімінің басшысы Г.С.Египбаева да кездесуге келген жасөспірім спортшыларға аудан көлеміндегі білім саласында атқарылып жатқан жұмыстармен қатар, жеткен жетістіктер жайында айтты. Жас спортшыларға сәттілік тіледі. Кездесу соңында қаладағы №5 орта мектебінің 11 сынып оқушысы, баскетболдан бірнеше дүркін жеңімпаз-Сақып Исенова мен №4 орта мектебінің 8-сынып оқушысы, футболдан бірнеше рет жеңімпаз және облыстық «Қызылжар» қыздар құрама командасының мүшесі Аленик Сабина өз ойларын ортаға салып, уақыт тауып кездесуге келген аудан әкіміне, жаттықтырушыларға, осындай кездесу ұйымдастырған аудандық білім бөліміне алғысын жеткізді. Алдағы уақыттарда аудан намысын қолдан бермей, жеңістерге жетуге тырысамыз деп сендірді. Алға, тайыншалық жастар!

Гүл Жамашқызы.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ТҮСІНДІРУ БОЙЫНША АЛҚАЛЫ ЖИЫН ӨТТІ

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізу, халықтың құқықтық, ақпараттық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ әлеуметтік қарама-қайшылықтарды шешу, оның алдын алу мақсатында ұйымдастырылған шараға Солтүстік Қазақстан бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау бөлімінің басшысы – Қарлығаш Сағадатқызы Илиясова қатысты. Сонымен қатар, жиынға аудандық мекеме басшылары және ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

2020 жылдан елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі жұмысын бастағаны белгілі. Қазақстандықтар биыл міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында жеке емханада тісін тегін емдете алады. Одан бөлек тегін дәрі-дәрмекке қолжетімділік арта түспек.

Жаңа жүйе ауыл медицинасын дамытуға да үлкен қолдау болмақ. Техника жаңартылып, алғашқы санитарлық көмек пен жеделжәрдем қызметін қаржыландыру артады. Қарлығаш Сағадатқызы Илиясова міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды жүзеге асыру бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жиын барысында барлық сұрақтарға нақты жауап берілді, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы кітапшалар таратылды.

Обязательное социальное медицинское страхование



Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ,
тілші.

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІ

Ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтау – мемлекетіміздің саясатының басым бағыттарының бірі. 150 ұлт пен ұлыс өкілдері тұратын республикамыздың бейбіт өмір сүруіне аса қажет достық, бейбітшілік пен келісім мерекесі. Балалардың интернационализмге, достыққа қалай тәрбиеленгенін ашып, мұрағат құжаттарымыздан алынған мәліметтер мен мәліметтерді сіздермен бөліскім келеді. Іс жүзінде барлық кеңестік оқу орындарында Интернационалдық достық клубтары (ИДК) ұйымдастырылды. Оның мақсаты құрдастарымен одақтасу және халықаралық байланыстар болды. Клуб мүшелері хат алмасуды негізгі қатынас құралы ретінде пайдаланды. Әртүрлі университеттердің студенттері арасындағы тікелей байланыстар және делегациялар алмасу (фестивальдар, конференциялар, семинарлар және т.б. ұйымдастыру) сирек қолданылды. БЖҰМ-дағы балалардың хаттарынан үзінділер сақталған. Оқушы, Саманта Смит (АҚШ): «Сіздің ересектеріңіз бен балаларыңыз жер бетіндегі ең жақсы адамдар», – деп жазды Америкадан келген кішкентай қыз кеңес халқы туралы. Ол: «Мен теңіздер мен мұхиттардың арғы жағында дос болып қаламыз деп үміттенемін, КСРО-ға қайтадан ораламыз деп үміттенемін», – деді. (қ.10, т.5, іс.4, п.26) Правиннің шәкірті (Үндістан): «Біз, әртүрлі елдердің балалары, үлкендермен бірге бейбітшілік үшін күресуіміз керек». Біздің балаларымыз жауап берді: «Әлемді сызыңыз және қорғаңыз. Бейбітшілік жолынан барлығы өтуі керек. Және бұл шындық біреу. Біз бәріміз сенің достарыңбыз, Правина!» (қ.10, т.5, іс.4, п.27). Мәселен, кеңес-поляк достық қоғамының Қарағанды бөлімшесінің ұсынысымен Ясная Поляна орта мектебінде 1972 жылы 14 наурызда ИДК ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Онда олар Польша, Германия және одақтық республикалар, Украина, Белоруссия оқушыларымен үнемі хат алысып тұрды. «ИДК мүшелері пионер отрядының барлық пайдалы істеріне белсене қатысады ... Күзде картопты жинаудан 136 рубль пайда болды, олар Вьетнамға Ханойдағы Пионерлер сарайының құрылысына жіберілді. (қ.10, т.5, іс.4, п.12). Сондай-ақ ауданымызда Подольск орта мектебінде, Донецк орта мектебінде, Қарағаш орта мектебінде және басқа да мектептерде ИДК ұйымдастырылды.

Мұндай үйірмелерде болған балалар ер жетіп, көбі немере сүйіп отыр. Олардың жақындарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуін қалаймын: қазаққа, украинге, белоруске, полякқа, неміске, орысқа, татарға және т.б. Өйткені, екіншісінің қай ұлт екені маңызды емес, екіншісінің де ТҰЛҒА болуы маңызды! Әр халықтың мәдениетін бағалау өте маңызды. Айналаңыз қаншалықты бай болса, соғұрлым сіздің ішкі дүниенің бай болады. Бұзылмайтын республикалар одағы ыдырады! Бірақ адамдар әртүрлі ұлттар мен ұлттар болған және болып табылады. Одақтың ыдырауы, әрине, Қазақстан ұлттарының картасын өзгертті, бірақ бәрібір Қазақстан көп ұлтты ел болып қала берді. Бейбітшілік үшін, достық үшін, бір-біріміз үшін біріккен ел. Қазіргі таңда Қазақстанда да халықаралық тәрбие мәселесі өзекті болып отыр. Қазақстан халқы Ассамблеясы этникалық және діни көзқарасына қарамастан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына конституциялық кепілдіктерді толық қамтамасыз ету үшін жұмыс істейді. Қазақстан халқы Ассамблеясында 820-дан астам этно-мәдени бірлестіктер тіркелген. Қазақстанда 88 этникалық жалпы білім беретін мектеп бар, оларда оқыту өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізіледі. Қазақстандағы барлық ұлттар бірегей, сонымен бірге олар бір тату халықтың – қазақстандықтардың өкілі. Қазақстан халықтарының достығы – адамдардың жүрегінде. Бірлігіміз жарасқан, бірлігіміз мықты!!!

Айжан ИСМАИЛОВА,
«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві» КММ Тайынша аудандық филиалының мұрағатшысы.

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК – ЕРЛІКПЕН ТЕҢ



Сейитов Орынбай Сейілханұлы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданының Батпақ бұлақ ауылында 1952 жылы дүниеге келген.

1969–1974 жылдары Өскемен қаласындағы құрылыс-жол институтын «Қатынас жолдар инженері» мамандығы бойынша жол факультетін тәмамдады.

Еңбек жолын 1974 жылы Чкалов ауылында № 26 жол жөндеу бөлігінің желілік инженері болып бастады. Кейін №1 жол пайдалану бөлігінің басшысы, Уәлихан ауылында № 61 жол бөлігінде бас инженер, 1979–1993 жылдары Шығыс Қазақстан облысының Курчум ауылының № 213 жол бөлігінде бас инженер, кейін экономист қызметін атқарды.

1995–1997 жылдары Чкалов аудандық жұмыспен қамту орталығында мемлекеттік инспекторы, содан 2016 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Чкалов ауылдық округі әкімі аппаратында салық жинау жөніндегі маман болып қызмет атқарды.

Бүгінгі күні Орынбай Сейілханұлы «Ерекше қатер жауынгерлері» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, Чкалов ауылдық округі ардагерлер ұйымының мүшесі, «Дебют» шахмат-дойбы клубының жаттықтырушысы және алғашқы ұйымдастырушысының бірі болып табылады. 2013 жылдың 30 тамызында Конституция күніне орай Чкалов ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында Тайынша ауданы әкімінің қатысуымен «Дебют» шахмат-дойбы клубының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Жүзден артық бала үстел ойындарына үйренді. Орынбай ағаның түлектері бірнеше мәрте мектепаралық шахмат және дойбы ойындарында жеңімпаз атанды. Орынбай Сейілханұлы жасаған еңбегіне қарай бірнеше марапаттардың иегері атанды. Орынбай Сейілханұлы жұбайы Күлпанмен бір ұл бір қыз тәрбиелеп өсіріп, 5 немере бағып отырған бақытты отбасы. Еңбек десе ерінбейтін ел азаматтарын үлгі тұтып, олардың өздері барында бағалап, жасаған игі істерін ғибрат ету- азаматтық парызымыз. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Орынбай Сейілханұлы өнегелі өмірімен баршаға үлгі бола білген, елі үшін еңбек еткен, халықтың құрметіне бөленген жан. Еңбектің қай саласында болмасын, қажырлы еңбек атқарған, қарапайымдылығымен көзге түскен ел ағасына ағайын-туыс, жерлестерінің де алғысы шексіз. 70 жасқа жеткен туған күніңіз құтты болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

Асқар таудай әкем – бақытымсың, бағымсың,
Өмірдегі, төрімдегі тағымсың!
Құтты болсын 70 жасың, жан әке,
Сағынышым, қуанышым, асқар шың.

Тілеймін мен таусылмайтын төзімді,
Тілеймін мен сарқылмайтын сезімді.
Денсаулығың мықты болсын, жан әке,
Құттықтайды ұл-қызың өзіңді.


Өмір-өзен жақсылығын жалғасын,
Тіршілікте сәттіліктер қолдасын,
Отбасымен мақтанамыз қашанда,
Арамызда Сіздей әке болғанын!

Ақ тілекпен қызыңыз: Самал.

АЗАМАТ ДЕСЕ, АЗАМАТ ЕДІ...

Азамат Жанатұлы Жұмағұлов Тайынша ауданына қарасты Көзашар ауылының тумасы еді. 1987 жылы сәуірдің 1-жұлдызында Жұмағұловтар әулетіне ерекше бір бала дүниеге келеді. Отбасының тұңғышы, ата-әженің немересі болып шаңырақты шаттыққа бөлеген Азамат қазір ортамызда жоқ. Әттең, дүние-ай, ажал деген алпауыт оны арамыздан алып кетті. Жалындап тұрған албырт жас өмірмен мәңгілікке қоштасты.....

Сәуірдің 1-жұлдызы өмірге келіп еді, Ата-әженің көз қуанышы болып еді. Есімізде балаша қуанғаны атасының Құттықтап келгенде кәрі-жасы Көзашардың. Жасынан оқуға зерек болды, Қашан көрсең терең ойда, бірақ күліп тұрды. Ел жиналған үлкен той болар еді, Шірін-ай жаназа мәжілісі керек пе еді?



Иә, Азамат аққан жұлдыздай көзден ғайып болды. Ата-әже немересінен, ата-ана баласынан көз жаппай қалды. Орны толмас өкініш... Бірақ, туған елі, ата-ана, бауырлары оның күлімдеген жарқын жүзін ешқашан да ұмытпайды деген ойдамыз. Ендігі сабырлықпен айтар ой: «Азамат, жаның жәннәтте болсын».

Азаматтың туған жеріне, ата-ана, жолдастарына деген махаббаты, жақынына жанашырлығы артында қалған өлең жолдарынан байқауға болады. Достықтың мәңгіліктігіне, махаббаттың пәктігіне үлкен сенім артып жазған шығармашылығының көп жақтары өмірдің барлық шынайылығы мен көркемділігіне арналғанын кейін білдік...

Аяулы да ардақты баламыз, бауырымыз, немереміз, ағамыз, жиеніміз, құрбы-құрдасымыз, ұстаздарының шәкірті болған Азаматымыздың артында қалған ата-ананың айтары: Қазіргі құт-мекені жайлы болсын. Баламыздың нұрлы бейнесі, айтқан сөздері жанымызда әрқашан сақталады. Жүрегіңді жарып шыққан өлеңдеріңді де жатқа айтып жүрер жандар да табылары сөзсіз деп ойлаймыз.

**Сағынышпен еске алушылар:
әкесі-Жанат, анасы - Дариха.**

Туған жер

Байтақ елді ертеден-ақ мекендеген,
Көздеген мақсатына жетем деген.
Қаншама қиындықтар кездессе де,
Тік жүріп, тайсалмастан өтем деген.

Отанын жаулар шауып жайратқанда,
Кеудесін мәңгі сөнбес от кернеген.
Көсемдерін әр уақытта құрметтеген,
Өмір бойы адал болған қызметпенен.

Қонағын жанын салып баптап жүрген,
Ел үмітін әрқашанда ақтап жүрген.
Намысты қолдан бермес батыл халық,
Жауларын аяғымен таптап жүрген.

Ғасырлар бойы қалыптасқан әдеттерін,
Мәңгілікке өз бойында сақтап жүрген.
Даналардың қайталанбас дара сөзін,
Ұрпақтары ұмытпай, жаттап жүрген.
Әр кезде де өз сөзін салмақтаған,
Ақындарын үнемі ардақтаған.

Айналада болған жайды сараптаған,
Еңбектенген, қиналған, талаптанған.
Босаң дала төрінде мекен еткен,
Аманбысың, ардақты Туған жерім!

Азамат Жұмағұлов, 2012 жыл.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

1 – Мамыр Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі. Еліміздің барлық өңірлерінде дерлік 1 мамыр тойланады. Мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау десек, артық емес.

«Бірлік болмай тірлік болмас», - деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған.. «Береке бастауы- бірлік, ел іші -тату тірлік», қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерекше. 1 Мамыр мерекесіне арналған салтанатты іс-шара Тайынша қаласында 1-мамыр күні «Достық» алаңында өтеді. Мерекелік ән-шашу, көрмелер мен мерекелік ойын-сауықты тамашалауға келіңіздер!

Басталуы: сағат 11.00.

Достық мерекесі құтты болсын!

ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін!

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымаққа тұрмыс кешіп отырған ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі, асыға күтер мейрамы. Бұл күн - әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі. Еліміздің барша тұрғындарын Қазақстан халқының достығы және бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Баршаларыңызға, әр отбасына, әр қазақстандыққа шынайы көңілмен бақыт-береке тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қазақстан халқы өркен жайып, мемлекетіміз – молшылыққа, ал әрбір шаңырақ бақыт пен шаттыққа кенелсін!

НИНА ПОПОВА,

Тайынша аудандық

Ардагерлер кеңесінің төрайымы.

ҚЫЗЫЛШАДАН ҚОРҒАНУ ҚАЖЕТ

Қызылша – жұқпалы вирустық инфекция. Ол ауа арқылы шырышты қабықтарға жұғады, содан кейін денеге таралады.

Ауру асқынған жағдайда соңы қайғылы аяқталуы мүмкін. Көбінесе бес жасқа дейінгі балаларда немесе 30 жастан асқан ересектерде асқинулар болады. Соның ішінде көздің нашар көруі, энцефалит (бас миының ісінуіне әкелетін инфекция), құлақ ауруы, пневмония, тыныс жолдары зақымдануы мүмкін. Бұл дертке кіші жастағы, салмағы төмен, әсіресе А дәрумені жетіспейтін немесе иммундық жүйесі әлсіреген балалар жиі шалдығады. Жүкті әйелдерде ауру ауыр түрде өтуі ықтимал және түсік тастауы мүмкін.

Қызылшаға қарсы вакцина 50 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді. Ол қауіпсіз және тиімді. Ағзаның қорғаныш қабілетін қалыптастыру үшін ұлттық вакциналар күнтізбесіне сәйкес адамға екпенің екі дозасы егілуі қажет. Бірақ медициналық көрсеткіштер бойынша егілмеген екеп кез келген жаста, соның ішінде ересек адамға салынуы мүмкін. Бөртпе, дене қызуының көтерілуі, конъюнктивит, жөтел және мұрынның бітелуі қызылшаның клиникалық көрінісіне жатады. Инкубациялық кезеңде иммуноглобулинді профилактикаға алынған науқастарға митигирленген немесе қызылшаның әлсіреген түрі тән. Онда қызылшаның митигирленген белгілері анық көрінбейді. Дене қызуы қалыпты деңгейде қалуы немесе субфебрильді көрсеткіштерге дейін жетуі мүмкін. Бөртпе шығу кезеңі қысқарады. Ауру қиындықсыз тез өтеді. Қызылшаның жетілмеген нысаны инфекциямен бірдей басталады. Бірақ 2-3 күні аурудың клиникалық белгілері жоғалады. Температурасы бірінші күні байқалады, содан кейін дене қызуы қалыпты жағдайға қайта оралады. Бөртпе көбінесе бетте және теріде болады. Қызылшаға қарсы вакцина алған адамдарда ауру қиындықсыз, тез өтеді.

Салтанат БЕКҚОЖИНА,

облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бас маманы.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басшылығы болып табылады.
Индекс: **65710**

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 ұй.

Тапсырыс: **145** Таралымы: **1300.**

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнамаңыз, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.